

Қуаныш СҰЛТАНОВ

МУДДЕЛЕР
ТОҒЫСЫ



ПЕРЕКРЕСТОК
ИНТЕРЕСОВ

Мин.
12005/7
сеп.

Татанада шаңыраак
көтөргөн Ханга Киман
Ордасын Тилибдиң,
ултонкалыбдың Ханонч
көрсөт, ултон мактанса -
ны болтат!

Духаны еңбегине -
р'кибасе Оор тасбасе!

изі атакпен
автор - Дууноолу,



Қуаныш СҰЛТАНОВ

МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫ

1997 жылғы мамыр айында

*Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр
автономиялық ауданына (ШҰАА) барған бір жолсапар
жазбалары*

“Елорда”
Астана – 2003

ББК 84 (5 Қаз)
С 82

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Сұлтанов Қ.

С 82 Мүдделер тоғысы. *Жолсапар жазбалары.*
Перекресток интересов. *Путевые записки.*
Астана: Елорда, 2003. – 256 бет.


ISBN 9965-06-293-5

1995–2001 жылдары Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болған Қуаныш Сұлтановтың жаңа кітабы көршілес елге, атап айтқанда, ҚХР-дың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына арналған деректі суреттеме. Бұл шығарма дипломаттың жолжазбалары жанрында жазылғанына қарамастан, оқушы назарына көптеген тарихи деректер, қоғамдық құбылыстар туралы саясатнамалық жан-жақты талдаулар мен болжамдар, қорытындылар, қызықты бағам-байқаулар ұсынылады. Қыр-сыры мол дипломат қызметінің тәжірибесі де жолай сезіледі.

Кітап қарапайым, ұғынықты, жатық тілмен жазылған, жеңіл оқылады.

Новая книга Куаныша Султанова, Чрезвычайного и Полномочного Посла Республики Казахстан в КНР в 1995–2001 годы посвящена документальному рассказу о соседней стране, об уникальном крае – Синьцзян-Уйгурской автономный район КНР. Хотя она написана в жанре путевых, дипломатических записок, вниманию читателя предлагается довольно объемный фактологический материал. Обобщаются исторические сведения, весьма интересные политологические анализы, наблюдения и выводы. Ненавязчиво описывается дипломатическая практика.

Книга написана живым, простым и доступным языком, читается легко.



00008756

С 4702250204–257
450(05)–03

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 9965-06-293-5

© Сұлтанов Қ., 2003
© “Елорда”, 2003

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев әлденеше рет атап көрсеткендей, сыртқы әлеммен, оның ішінде, әсіресе АҚШ, Ресей, Қытай сияқты ірі мемлекеттермен өзара қарым-қатынассыз біздің мемлекеттігіміздің қалыптасуы мен нығаюы толыққанды бола алмас еді. Көп жағдайда адамдар осы қарым-қатынастарды өз-өзінен болуға тиіс сияқты да көретіні бар. Оның үстіне ол құбылыстар туралы ақпарат, мағлұматтар да дәстүрлі шектеулі екені де белгілі.

Уақыттың ұшқырлығы соншама, тіпті кейде қоғамдағы, әлемдегі үрдіс өзгерістердің өзі де күнделікті өмір ағымынан байқала қоймайды. Дүние тез өзгеріп жатыр. Күні кешегі “тас қамалдай” қасаң қатынастар, бүгін үйреншікті тіршіліктей гана көрінуі де мүмкін...

Мен бұл жазбаларымды, сәл ертерек 1997 жылы, Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінде жүргенде жазған едім. Әуел баста мұны жариялау туралы ой болмаған. Негізінен дәл сол кездегі жағдайлар мен әр түрлі лауазымды тағы басқа адамдармен кездесулер, тарихи елді мекендер жайлы әсерлерді, көзқарас, ой түйіндерін жұмыс бабында жүргізген жазбалар. Олар екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың кейбір күрделі мәселелерін түсінісу жолының деректі көріністері іспеттес. Сондықтан да жазбалардың кейбіреулерін сол кездегі аталуы мен көрсеткіштерін сақтай отырып, оқушы назарына ұсынғанды жөн көрдім.

ШЕЖІРЕЛІ ӨЛКЕ

Қазақстан мен Қытай арасындағы Қазақстан шекара аймағымен танысып, арнайы сапарға шықсам, шекара шебіндегі ел мен жұртқа құпиясы көп Қытай жағынан көз салсам деген ой біраз уақыттан бері мазалап жүретін.

Әлбетте, мұндай ниетпен көп нәрсе байланысты еді. Қытай жағындағы шекара аймағында біздің отандастарымыз – әлемдегі ең көп қазақ диаспорасы өмір сүріп жатыр. Кезінде бұл жерлер талай қуғын-сүргінді, елді теңселткен сілкіністерді де, қасапты қактығыстарды да, көз алартқан кикілжіндерді де, жақсы-жаманның бәрін де басынан өткерген. Жұмыр жердің осынау бір бөлшегі соның бәрін тарих деген тәңірмен бірге құшағына қысып жатыр... Ол – Шығыс Түркістанның шерлі шежіресінің бәріне куәгер. Тарихы ғана емес, табиғаты да тамылжып тұрған аса бай өлке.

Баяғыда Қазақстан Ресей құрамында бодандықта тұрған XIX ғасырда патшалық Ресей мен Цин сарайының тұтас жерді екіге бөліп, талапайға салғаны заман зердесінен өшпейтін оқиға еді. Қасиетті атамекеннің осылайша қак жарылуы кезінде қайран қазаққа қатты тиген. Шекара сызығының сырттай кесіп-пішіліп, сол жерлерді жайлаған халықтың еркінен тыс екі айырылып түсуі бейбіт жатқан қалың жұртшылықтың ежелден бергі тыныштығын тілгілеп, ғасырлар бойы қалыптасқан үйреншікті тыныс-тіршілігін тас-талқан еткен, аласапыран заман туып, боса көшкен босқындар көбейген...

ҚХР Төрағасына ресми түрде Сенім грамотасын тапсырып, Қазақстан Республикасының Қытайдағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тіркелген сәттен бастап, нақ осы Шыңжаң өлкесіне барсам, көрсем деген киелі ой көкірегімнен кетпей қойды. Елшінің басқа да саңсалалы міндеттерінің ішінде елмен танысу әрқашан үстем тұрады. Бір жақсысы – бұған айтарлықтай кедергі жоқ, бірақ бәріне бірдей әрқашан қол жете бермейді. Қытайда, оның кез келген провинциясында шетелдіктердің елді аралап көруі үшін арнайы жасалған маршруттар бар. Бұл да осы елдің ғасырлар бойы қалыптасқан сыр шашпайтын сырбаздығын, әсіресе қытайлықтар мінезіндегі тұйық-

тықты сездіргендей. Соған қарамастан, көршінің “қойнындағысын” дәл өзін қалағандай көре алмасаң да, елдің қалаған аймағына ат басын тіреуге қашанда мүмкіндік бар.

Жалпы, Қытайдың кез келген провинциясымен танысқан сайын, сол провинциясының, автономиялық ауданының тынысын, тарихи, мәдени ескерткіштерін, орындарын тереңірек біле түссем деген қызығушылық үдей түседі. Алайда көрсем-білсем деген ниетіңіз үнемі нақты мүмкіншілікпен де ұштаса бермейтіні де табиғи.

Қытайда тұрған жылдарымда көптеген тарихи орындарда болдым, көрдім, зер салдым. Әсіресе, екіжақты қарым-қатынастарды дамыту үшін мүдделілік туғызатын провинцияларды жиірек араладым. Елді, жерді тану – кімге болса да бұрын белгісіз болып келген жаңа бір әлемді ғана ашып қоймайды, сонымен бірге күнделікті жұмысыңа да оң ықпалын тигізетіні хақ. Әрбір провинцияның, немесе қаланың сырттай қарағанда ортақ ұқсастығы бола тұра, әрқайсысының ерекшеліктері де көп-ақ. Әрине, бұлардың бәрі де дербес түрде әңгімелеуге лайық жәйіттер.

Өкінішке қарай, әдетте мұндай сапарлар іскерлік сипатында болады да, көп уақыт кездесулер мен ұшы-қиыры жоқ келіссөздерге жұмсалады. Оның үстіне ресми адамның кейде қарапайым туристің көргенін көре де алмайтын жағдайлары болады. Керісінше, олардан артық, олар көре алмағанды көретін де жағдай болады. Әрқалай. Соған орай іскерлік сапарларын танысу-танымдық сапарымен ұштастыруға тура келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мені Қытайға жіберерде өзінің қазақ халқының тарихы туралы толғаныстарымен бөлісе отырып, Қытай мұрағаттарында біздің тарихымыз туралы не сақталғанына үңілу қажеттілігіне де мән берген. Елбасы екі ел арасындағы толық шекаралық келісімге қол жеткізу қажеттілігіне тоқтала келіп, әсіресе ШҰАА-ның Қазақстан-Қытай қарым-қатынасындағы геосаяси рөлін сипаттаған. Аймақпен көлік, сауда-экономикалық қатынастарды дамыту маңыздылығын, тікелей біздің мүдделі мәселелерімізді де бөле айтқан. Көптен бері, Кеңес Одағы дәуірінде жалғасын таппай қалған, шекаралық өзендерді бірлесе пайдалану туралы келіссөздер басталмай отыр. Ал Қытай жағы қарап жатқан жоқ. Сондай-ақ Қытайдағы қазақтар негізінен осы ауданда тұрады. Ол

жерлер отандастарымыздың көпшілігі үшін ежелгі қонысы да. Қазақтардың Қытай еліндегі құқықтық жағдайы қалай сақталады? Олардың өз тілінде оқып, төл мәдениетін, дәстүрін сақтауына мүмкіндіктері қаншалық? Тарихи Отанына көшем деушілерге мүмкіндік беріле ме?

Бүгінгі Шыңжаң өлкесі Қазақстанның геосаяси жағдайы үшін ерекше маңызға ие. Біздің Қытаймен шектесіп жатқан 1782 шақырымнан асатын шекарамыз Шыңжаң жері арқылы өтеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы барлық көлік қатынастары осы аудан арқылы жүзеге асырылады.

Шыңжаң – шынында да, Қытайдың батыс қақпасы. Бұл – тіршілігі өте қызу ендік. Мен көрші елдің әр түрлі провинцияларының өмірімен танысуға ерекше мән бердім. Алайда, ШҰАА-ға бару – жұмыс жоспарымда әрқашан айрықша орын алатын. Өйткені бүгінгі ШҰАА Қазақстан - Қытай қарым-қатынастарында маңызы зор екі жақты жалғастырушы көпір болып табылады.

Қытайдың батыс бөлігінде және Орталық Азияның шығысында орналасқан бұл жердің бай, зерттеліп болмаған қызықты қабат-қабат тарихы бар. Талай төңкерісті басынан кешірген осы қасиетті жермен сабақтас тарихи оқиғаларды санамалап шығудың өзі қыруар уақыт алған болар еді. Қазақстан мен Шыңжаңның өзара байланысының шежіресі көршілес жатқан екі географиялық кеңістіктің көптеген белгілі һәм белгісіз беттерімен құнды. Ол сондай-ақ жекелеген адамдар мен тұтастай халықтардың өміріндегі оқиғаларға, фактілерге, аңыздарға толы.

Шығыс Түркістанды XVIII ғасырдың соңында Цин сарайы толық бағындырып алды. Бірақ бұл жерді мекендеген халықтар ұзақ уақыт бойы мұндай бұғауға бас ией, дүркін-дүркін бас көтеріп, қарсылық білдіріп отырды.

Бұл өлке қай кезде де ішкі тұрақсыздығымен танылған. Өлкенің Цин империясының иелігіне кіру тарихы қарама-қайшылықтар мен астан-кестен өзгерістермен шиеленген. Шығыс Түркістанның кешегі тарихы да, бүгінгі ШҰАА-ның ахуалы да оның көптеген зерттеушілерінің назарында екені де әйгілі жәйт. Міне, сондықтан бұл тарих әрдайым өзіне тарта береді. Шыңжаңның тарихы мен қазіргі заманғы жай-күйін көршілес жатқан екі елдің ғана емес, басқа да көптеген мемлекеттердің саясатшылары, ғалымдары, дипломаттары зерттеп, зерделеу

үстінде. Шыңжаң Еуропа мен АҚШ-тың, Азия мен Араб әлемі зерттеушілерінің назарын аударып отыр. Елдер мен континенттер түйісетін жерде орналасқан көптеген аумақтарға тән әдеттегі өзгешелікті сипат осы болса керек.

Шыңжаң – түркі мәдениетінің терең тамырлары жайылып, жемістері жетілген отаны. Мұнда бұрынғы заманның байырғы тарихи ескерткіштері, көне қалалардың қалдықтары сақталған. Нақ осы арада будда және ислам діндері тоғысады. Тап осы жерде екі өркениет қауышады. Бұл аймақ үшін бірнеше ғасырлар бойы империялар әскерлері шайқасқа түскен. Аталмыш өлке тарихшылар, зерттеушілер, саяхатшылар үшін жүздеген жылдар бойы таусылмас қазына көзі болып келеді.

Шыңжаң – ұлы Жібек жолының ең кең өрісі, әрі келбеті. Ежелгі халықаралық сауда айналымының Азия мен Таяу Шығыс, Ресей мен Еуропа елдері арасындағы даңғыл жолы осынау бай өлкенің бауырында жатыр.

Шыңжаң – көне ескерткіштердің алтын қоры. Мұнда күні бүгінге дейін орта ғасырлық мемлекеттердің сәулелі суреттері жақсы сақталған.

Шыңжаң – қазіргі заманның айнасы. Өңір өркендеп, жаңа құрылыстар бой көтеріп жатыр. Экономикалық жаңғырулар жалғасуда, адамдар болашаққа қарай ұмтылуда.

Шыңжаң жайын қағазға түсіргенде, бәрін түгел қамтимын деу мүмкін емес. Оның үстіне бұрыннан белгілі жайттарды қайта ежіктегің келмейтіні және бар. Ал мен үшін бұл жазбаларды жүргізудің қажеттігі кәдуілгі жұмыс барысындағы жайкүйден туды. Себебі, іргелес жатқан Шыңжаң өлкесі біз үшін қашан да маңызды, әрі бұған деген мүддеміз зор. Ол екі жақты қарым-қатынастың құнарлы топырағы сияқты. Оның үстіне мен сырттай бақылаушы емеспін, бұл жазып отырғандарым – тікелей өзім қатынасып, араласқан, көзіммен көрген дүниелер, соған сәйкес қалыптасқан өз көзқарасым, дербес түйінім, әсерім. Менің бұл жазбаларым, міне осындай өте қарапайым мақсаттарды көздейді.

Біріншіден, бұлар – іскерлік мақсатындағы жазбалар. Мұнда ойдан шығарылған ештеңе жоқ. Жазылғанның бәрі – адамдар мен оқиғалар – сол күнделікті тыныс-тіршілігіміздің тірі кейіпкер-қатысушылары.

Әлбетте, кейбір пайымдаулар, қандай да бір толғаныстар болуы әбден мүмкін. Бірақ, бұл да дерексіз тебіреніс емес, қан-

дай да бір нақты адамдар немесе нақты іс-әрекеттер төңірегінде туған болжамдар мен толғамдар. Бұл – әрі менің жұмысым.

Екіншіден, осы сапар оятқан әсерлерімді қандай да бір дәрежеде қағазға түсіру ниеті көзделді. Өйткені алғашқы әсерден туған жазбаның жұғымы көп, уақыт өте келе еске алу дәл мұндай болып шықпайды. Бәлкім, бұлар кем дегенде өзімнің жеке талдауларым үшін керек шығар, Төтенше және Өкілетті Елшінің күнделікті жұмысы үшін де қажет болар.

Үшіншіден, осы өлкенің тарихы мен бүгінгі өміріне қызығушылық та, мүмкін, жазу керек шығар дегізгені де рас. Егер ондаған жылдар өткен соң осы жазылғандарға әлдекімдердің көзі түсіп, көңіл аударып жатса, онда бұл жазбалар дәйекті дереккөзіне де айнала алар. Сонда әркім-ақ ғасырдан ғасырға созылған проблемалардың адамдарды қалай аландатқанын түсінер-ді. Ал адамдар мұндай мәселелердің оң шешімін іздеуден еш танбаған. Түйінді тарқату жолын табу – адам баласына тән нәрсе. Менің жұмысым да Отаным мен халқымның мүддесіне қатысты проблемалардың шешуін іздестіруге арналған. Міне, сол себепті өз көзқарасымды білдіруім қажет, проблеманы өзімнің қалай түйсінетінімді баяндауға тиіспін деп санадым.

Бүгінгі уақыт пен оқиғалар жайын жасырмай да, асырмай да жазу шарт. Бәрі қаз қалпында хатталғаны жөн. Бұл принципті мен бүкіл өмір бойы серік етіп келемін, өзім айтқалы отырған мәселелер жөнінде де осындай ойдамын.

Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты қатынас өзінің жақсы бір кезеңінде тұр. Мазмұны мен мәні жағынан бұл қарым-қатынас әр қилы кезенді бастан кешіріп, әр алуан сипаттаманы санадан өткерді. Егесіп, тайталасқан, өре түрегеліп, өзара қарсыласқан, тіпті ашық жауласқан да кезеңдер болған. Мұндай кикілжіндердің аяғы адам айтқысыз нәубетке соқтырған. Өзара түсінісуден екі тарап та ұтылған жоқ. Осының бәрін біз Шыңжаң арқылы сезініп, сол арқылы өткізіп, өткеріп келдік. Демек, Шыңжаң – Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының кешегі келбетін де, бүгінгі бейнесін де білдіреді.

Шыңжаңның өткен шежіресі мен қазіргі дәуірін зерттеген тарихи дереккөздері жетіп артылады, әсіресе өткен күндерін зерделеген еңбектердің қайшылықты тұжырымдары аз емес. Қытайлық дереккөздері бұл жерлердің ежелден-ақ Қытайға тиесілі екендігіне бұлтарыссыз түсініктеме жасайды. Мысал үшін “Бүгінгі Шыңжаң” деп аталған анықтамаға көз жүгіртіп көрейік. Онда былай деп жазылған:

“...Есте жоқ ескі күндерден бері Шыңжаң Қытайдың “Батыс өлкесі” деген атпен белгілі болды және оны суреттеп жазған деректерді екі мың жылдан бұрынғы жазбаша дереккөздерінен табуға болады.

...Б.э.дейінгі 60 жылдары Батыс хансу император сарайы Улэй (қазіргі Луньтай уезіндегі Донцэдай) қаласында “Батыс өлкесі” үшін бақылау қызметін орнатты. Б.э.дейінгі 74 жылы хансу сарайы “Батыс өлкеде” әскери губернаторлық қызметті қалпына келтірді, бірақ губерния орталығы Гуйцюдегі Тацюань қаласына көшірілді, ол қазіргі Синьхэ уезінің оңтүстік батыс жағы. Тяньшань қаласының солтүстігі мен оңтүстігі, сондай-ақ Усунь мен Цунмин таулары (қазіргі Памир) әскери губернаторлық қызметтің құқықтық билігінде болды.

“Батыс өлкеде” орнатылған әскери губернаторлық қызмет бұл аумақтарды Қытайдың сырттай аннексиялауын білдірді. Бұл жерлерді бөліп алумен немесе қайта қосумен байланысты болған барлық өзгерістерге қарамастан, сол кезден бастап “Батыс өлке” Қытайдың бөлінбес бөлігі болып қалды”¹.

Қытайлық ғалымдардың бұл баяндаулары “Батыс өлкенің” ежелгі заманнан Қытайға тиесілі екендігіне күмән келтіретін басқа да пікірлер жоқ еместігін ескере отырып жазғаны байқалады. Л.И. Думан, И.Я. Златкин, Б.П. Гуревич, В.С. Кузнецов сияқты көптеген қытайтанушылар өз зерттеулерінде Цинь империясының XVII-XIX ғасырлар кезеңіндегі Шығыс Түркістанды жаулап алуы туралы жазған.

Жоңғар хандығының болуы, сондай-ақ қазіргі Шыңжаң аумағында бір кезде Жаркент, Тұрфан, Қашқар, Құмұл сияқты басқарулардың өмір сүруі де осы кезеңмен байланысты. Өзбектің қытайтанушы ғалымы Аблат Ходжаев бұл кезеңге арналған тарихи дереккөздерін терең әрі жан-жақты талдай келіп, Шығыс Түркістан аумағын мекендеген халықтардың өзара қарым-қатынасындағы Цинь сарайы шебер құбылтқан қайшылықтарды да, күрделі жағдаяттарды да атап көрсеткен. Сол жылдардағы оқиғаларды ғалым былай баяндайды: “...Басқару жоңғар ханына жаққан жергілікті феодалдар арқылы жүзеге асырылды және салықтар жинаумен шектелді. Тұрфан аймағындағы жоңғарларды жақтаушы — жергілікті

¹ Сеньцзян сегодня. Пекин. Изд-во “Новый мир”, 1989 г. 9-10 беттер.

* Осы еңбекте пайдаланылған бұдан кейінгі барлық сілтемелердің де орыс тіліндегі нұсқасынан қазақ тіліне еркін аударылғанын еске саламыз. — Автор

феодалдардың үстемдігі халықтың наразылығын тудырды, мұны жоңғарларды жек көретін, оларға қарсы жергілікті феодалдар тобы іле-шала пайдаланып кетті. Осы жағдайдың арқасында Цинь армиясы ешбір қиындықсыз Тұрфан облысын басып алды, сөйтіп Цэван-Рабдан қолы жатқан Іле аңғарына жақындап келіп, оған қатер төндірді.

... Жоңғар еліне әскери жорық басталғанға дейін-ақ Цинь үкіметі ойраттарды төрт дербес князьдыққа бөліп жіберу жоспарын құрып қойған - ды. Жоңғар хандығын бұлайша бөлшектеу ойраттар мүддесіне қайшы келетін.. Сөйтіп, Іле аңғары алынған соң Цянлунь (Қытай императоры – Қ.С.) өз генералдары мен жорыққа қатысқан ойрат феодалдарын марапаттап, бірқатар жарлықтар шығарды. Онда ойраттың әскербасы князь Галдан-Доржыны Жоңғар хандығын билеген чоросс руының басшысы етіп тағайындаған боғдыханның шешімі туралы ашық айтылды¹.

Осы және басқа да зерттеулер аталмыш аймақты мекендеген әр түрлі халықтар арасында XVIII ғасырдың өзінде нағыз кескілескен шайқастар болғанына куәлік етеді. Жергілікті феодалдардың іштей алауыз боп, қырық пышақ қактығысқа түсуі аймақтың тезірек құлауына алып келді. Шығыс Түркістанды іс жүзінде жаулап алып, оған өзінің әкімшілік және әскери бақылауын толық орнатып үлгерген Цинь империясы мұны пайдаланбай тұра алмады. Ереуілдеп бас көтерген қозғалыстар мен Пекинге бағынбау әрекеттері бұдан кейін де сан мәрте туындап, XX ғасырдың орта шеніне дейін созылса да, бұлардың ешқайсысы табысқа жеткен жоқ. Қытайдың Халық-азаттық армиясы 1949 жылы жеңіске жетіп, ҚХР құрылғаннан кейін өлке жетекшілері ШҰАА Қытай Халық Республикасының құрамында деп жариялады. Осы сәттен бастап бұл қарама-қайшылықты, көп азап шеккен өлкенің жаңаша өмірі басталды.

Біздің елдеріміздің арасындағы екіжақты қарым-қатынастың қалыптасып, орнығуында Шыңжаң өлкесінің орны қандай? Халықтар арасындағы өзара қарым-қатынаста тарихи процестер қандай таңбаларын қалдырды? Біздің Шыңжаңдағы бүгінгі мүдделеріміз қандай? Оның шешілу жолдары ше?

Екіжақты қарым-қатынасты жақсартудың басты мақсаты да осы сұрақтарға жауап іздеу, табу.

¹ А. Ходжаев. Цинская империя и Восточный Туркестан в XVIII в. Ташкент, изд-во "Фан", 1991 г., 39, 46 беттер.

АБУЛАТ АБДУРАШИТ

...Шыңжаң өлкесі бұрын Шығыс Түркістан деп аталатын. Қазір ресми Қытай бұл атауды ауызға алмауға тырысады. Бірақ, бұл тарихи шындық, оны айналып өту қиын. Осынау 1,6 миллион шаршы метр ауқымды аумақты алып жатқан өңірде 18 миллионға жуық халық тұрады.

Табиғат бұл өлкеге ерекше еміренген. Биік таулар, көздің жауын алатын сұлу көлдер, жайқалған жасыл алқап пен желекті ормандар, шырайлы шұрат пен шілінгір шөлейт, бәрі-бәрі осында. Жердің үсті ғана емес, жерасты қойнауы да қазынаға толы. Сирек кездесетін, асыл металдар мен мұнай көздері баршылық. Табиғат төтенше бай жаратқан өлке. Соған сәйкес адамдары да еңбеккер. ШҰАА халқының тең жартысына жуығы осы жердің байырғы тұрғындары – ұйғырлар...

Пекиннен Үрімші қаласына келген бетте бірінші болып Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданы (ШҰАА) Үкіметінің Төрағасы Абулат Абдурашитпен жүздестім.

Абулат – ұйғыр жігіті. Жасы 55-те*. Өзін төменгі қызметтерде белсенді, іскер ұйымдастырушы ретінде көрсетіпті. Өте абайлап сөйлейтін, алдын аңғарып отыратын, түзу басшы. Орта бойлы. Тығыз, шымыр денелі. Бет бітімі азиялықтарға тән. Қара торы. Көздері қара, шаштары сирей бастаған. Сөйлессең сөзің жарасатын, жайдары, сыпайы, әдепті жігіт, әңгімесін әндетіп, жұмсақ дауыспен айтады. Өткен жылғы бірінші кездесуіміз кезінде-ақ арамызда бір-бірімізге деген өзара ілтипат орнап еді.

Қытайда барлық халықаралық мәселелер Орталықта, яғни Пекинде шешілетіндігіне қарамастан, жергілікті билікке де берілген құқықтар бар. Сондай құқықтардың бірі – сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге байланысты. Қазақстан соңғы уақыттарда Қытайдың Орталық және теңіз

*1977 жылы.

жағалауындағы аудандарымен ынтымақтастықты айта қаларлықтай жандандырды. Қазақстанның темір жол мен автомобиль жолдарын қоса алғандағы барлық байланыс-қатынасы осы Шыңжаң жері арқылы өтеді. Алматы-Пекин арасындағы жолаушылар тасымалдайтын әуе жолы да Шыңжаң аумағы арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан мен Қытайдың шекарасы Қытайдың оңтүстігінен солтүстік батысына қарай, биік таулардан бастау ала отырып, өзен-көлдер көмкерген кең далаға дейін созылған Шыңжаң аумағында ғана жатыр.

Сол себепті шекара-кеден өткелдерінің жай-күйін байқап, олардың жұмыс тәртібімен, барлық өткізу бекеттеріндегі шекара маңы саудасының жүйесімен танысуым қажет. Біздің мемлекеттеріміздің арасында дипломатиялық қатынас орнатылған алғашқы 5 жылдың ішінде сауда деңгейі 6 есеге жуық өсіп, оның көлемі 1996 жылы 460 млн. АҚШ долларына жетті. Жыл сайынғы өсім орта есеппен 20 пайыз құрайды.

Қазақстаннан Қытайға металл, минералдық тыңайтқыштар, басқа да минералдық шикізаттар, сондай-ақ жүн, мақта және т.б. жеткізіледі. Қытай бізге киім-кешек, аяқ киім, ойыншық, қант, кеңінен тұтынылатын тұрмыстық тауарлар жібереді. Сауда өндірістік және сауда фирмаларының, екі ел компанияларының арасында жүзеге асырылады. Бұл іске “ұсақ қап” саудагерлер де өз үлестерін қосып жатыр.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзянь Цзэминь 1997 жылғы 20 ақпанда Пекинде өткен кездесулерінде сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйіне қанағаттанғандық білдіре отырып, әлі де болса өзара сауда көлемін арттыру үшін мүмкіндіктің бәрі бірдей пайдаланылмай отырғанын, оның көлемін таяудағы жылдары бір миллиард АҚШ доллары деңгейіне дейін жеткізу мүмкіндігі бар екендігін атап көрсеткен еді.

Осымен байланысты қазір мұнай саласындағы ынтымақтастықтың болашағына көп көңіл бөлінуде. Нұрсұлтан Әбішұлы таяудағы 50 жыл ішінде біз үшін Қытай сенімді рынокқа айналып, Қазақстан мұнайын бірден-бір көптеп тұтынатын ел болатынын ескере отырып, Қазақстан мен Қытай арасында мұнай құбырын салу жөніндегі ойын да біраз уақыттан бері айтып жүр. Мемлекет басшысы Қытайға барған осы сапарының көп бөлігін мұнай саласындағы ынтымақтастық мәселелеріне арнады. Елші болып тағайындалар кездегі өзара

әңгімемізді еске түсірер болсам, Президент Н.Назарбаевтың бұл ірі жобаны барынша негізді де дәйекті, әрі табандылықпен ойластырғанына көзім жетеді. Мұндай стратегиялық әзірleme еліміздің мүддесімен, оның даму болашағымен тығыз ұштасқан.

Қазақстандық кейбір іскер адамдардың, кәсіпкерлердің, тіпті мемлекеттік шенеуніктердің көршілес аймақтардағы геосаяси процестерді білмей, зерттемей тұрып, Азия рыногының мүмкіндіктері мен болашағын ескергісі келмейтін тоқмейілсуі таныс жәйт. Еуропа ешбір қиындықсыз Қазақстан рыногына келіп кірді. Ол Ресей мен Орталық Азиядағы жас мемлекеттердің рыногына да дәл сондай табыспен енді. Бірақ бізге өз өнімімізбен Еуропаға кіру оңай соқпады. Мәселе шикізатта ғана ма еді? Жоқ. Мұның себебі аз емес. Бұл жерде ең бастысы – бәсеке болатын. Ал Қытай – шын мәнінде лайықты рынок. Халқының көптігі жағынан болсын, экономикалық өсуі жағынан болсын, өнеркәсіптік әлеуетінің нығаюы жағынан болсын, ол Қазақстан үшін сенімді рынок бола алады. Мұны біздің Президентіміз, басқа лауазымды адамдардан көп бұрын сезіп, түсініп, шынайы бағалап, оның іске асатынына да сеніммен қарайды.

Қытайдың аса ірі мұнайлы аудандарының бірі – Батыс Қытай, яғни нақ осы Шыңжаң. Мен барғалы отырған Қарамай ауданында мұнайдың мол қоры бар. Белгілі Тарим қайнарлары да осында.

Қытайлықтар да қарап жатқан жоқ, зерттеу жұмыстарын аяқтап, Қарамайдан шығысқа, елдің теңіз жағалауы мен оңтүстік бөлігінің орталығына қарай мұнай құбырын төсеуді жобалау мен құрылысын жүргізу жөніндегі нақты жұмыстарды өрістетіп отыр. Егер бұл жоба жүзеге аса қалса, болашақта осы желіні Қазақстанның мұнай құбырларымен қосуға болар еді, сөйтіп келешекте, біздің мұнай өндіру шамамызға қарай, Қытайға жыл сайын 1 млн. тонна ғана емес, 20 млн. тонна, тіпті одан да көп мұнай жіберуге мүмкіндік туар еді. Ерте ме, кеш пе бұл жоба жүзеге асатынына сенуге болады. Қазақстан жерінен Шығысқа тартылатын бұл құбыр мұнай бөлудің дәстүрлі жолдарына лайықты бәсеке туғызумен бірге жаңа геосаяси кеңістікке де өз ықпалын тигізері анық. Бұл – үлкен экономикалық болашақ.

Әрине, бұл әзірге ой-ниет қана. Осы жолда мейлінше қиын да күрделі жұмыстар жүргізілуі шарт. Сауда-экономикалық ынтымақтастық көлемін арттыру үшін алдымен көлікпен қамтамасыз ету проблемасын шешкен маңызды. Енді бұл жерден трансазиялық темір жол магистралі өтеді.

ШҰАА Үкіметі басшысымен келіссөздерімде басқа мәселелермен қатар, шекара өткелдеріндегі, әсіресе Алашанькоу темір жол стансасындағы көліктік мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мен кеңейту мәселелері көзделді. Мен Абулат Абдурашиттің бұған деген көзқарасын білгім келді. Өзара пікір алмасып, болып жатқан құбылыстар мен екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі қабылданған оралымды шаралар жайында бір-бірімізді хабардар еттік. Ол қазір қытай жағындағы барлық 4 шекара өткелдерінде жақсы жағдай жасалғанын, мұны толық қуатында пайдалану қажеттігін, азаматтардың виза алуы мен жүріп-тұруы мәселелерін шешу керектігін айтты. Абулат Алашанькоу стансасының қуатын болашақта 20 млн. тонна жүкке дейін арттыруға қатысты және темір жолдың екінші тармағының құрылысы басталғанына ынталы екендігін білдірді.

Біз үшін кезекті бір қиын мәселе – шекара шеңберінен тысқары өзендерді пайдалану жайы еді. Шекара шеңберінен тысқары өзендер проблемасы алдымен бізді алаңдатады, өйткені бұл өзендер бастауын Қытайдан алады. “Ашықтық саясатына” дейін Қытай көршілес елдердің пікіріне немесе алаңдаушылығына құлақ асуды қажет деп санаған жоқ. Қазір басшылар көзқарасы мен психологиясында көп нәрсе жақсы жағына қарай өзгерген, бірақ бір кездегі сыртқы дүниемен араласпай, біртоға оқшауланудың салдары сезіліп тұрады. Көптеген шенеуніктердің жұмыс тәсілінде мемлекеттік қарым-қатынасқа көлеңкесін түсіретін ішкі өзімшілдіктің әшекей әсері әлі бар, томаға-тұйықтық, төрешілдікке бейімділік те жоқ емес. Көбінесе олар қойылған сұрақты жауапсыз қалдыруға тырысады.

Бұл арадағы әңгіме, әрине қатар жатқан екі мемлекетке бірдей қатысты табиғи су көздерін тең пайдалану жайында болып отыр. Бұрын осындай табиғаттың өзі жаратқан зор өзендер немесе асқар таулар күндердің күнінде адамдар арасында бөліске түседі деп ойладық па? Енді міне, өзендердің әлеуеті толықтай адамдарға байланысты болып қалған күндер туды.

Адам баласының мүмкіндігі мол, оның ойын іске асыратын технологиясы мен қолға ұстаған техникасы бар, әрине. Табиғаттан тартып жесем деген адам ашкөздігін тіпті айтпаңыз. Ол табиғаттың бергенін ғана қанағат тұтып тұра алмайтын болды, өйткені адамның тұтыным-тілегі өсіп, өршіп

келеді. Бірақ, таусылмайтын қазына бар ма? Табиғаттың тамыры да шексіз емес қой...

Екі ұлы өзен – Ертіс пен Іле бастауын Шыңжаң аумағындағы таулардан ала отырып, осы өлкенің жүздеген шақырымын басып өтеді, одан әрі Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі жерлерді желекке бөлейді. Осы қос өзен біраздан бері көршілес екі мемлекет арасындағы дауға себеп бола бастады. Кеңес Одағы кезінде бұл су қорларын пайдалану жөніндегі келіссөздер ешқандай нәтиже берген жоқ. Келіссөз жасауға деген ұмтылыстың өзі ұғынылмай қалды. Қытай жағының шекараға қатысты, өзара сенім мен қару-жарақты қысқартуға байланысты мәселелерді қоса алғанда, жалпы келіссөз процестерінде көптеген проблемалар бойынша алға шығып, бұған жаңа мазмұн беріп отырғанына қарамастан, өкінішке қарай, су мәселелеріне, нақтырақ айтсақ, шекара шеңберінен тысқары өзендерді пайдалану жайына келгенде, әр түрлі сылтаулармен мәмілеге келе қоймайды. Мен Елші лауазымындағы дипломатиялық қызметім басталған сәттен бастап бұл мәселені ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің, Сыртқы істер министрлігінің, ҚХР Су ресурстары жөніндегі комитетінің, Шыңжаң басшылығының алдына ұдайы қоя отырып, қытайлық өкілдермен жүргізген келіссөздерімнің айнымас нысанасына айналдырдым. Қазақстан жағы, жоғары деңгейдегі келіссөздерді қоса, барлық мемлекеттік келіссөздерде шекара шеңберінен тысқары өзендерді бірлесіп пайдалану жөніндегі мәселені екі елдің арасында дипломатиялық қатынастар орнатылған күннен бері көтеріп келеді деп айтуға болады. Бірақ, өкінішке қарай, Қытай жағы бұл жөнінде үнсіздік позициясын ұстанып отыр. Қазақстан президенті Н.Назарбаев өзінің 1995, 1996, 1997 жылдардағы келіссөздерінде осы проблема бойынша келісім қабылдау қажеттігі туралы Қытай басшылары Цзян Цзэминнің, Ли Пэннің алдында тиянақты мәселе етіп қойған. Мемлекетіміздің сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев өзінің 1996 жылғы Қытайға ресми сапары кезінде Қытай басшыларымен келіссөздерінде негізгі мәселелердің бірі ретінде осы шекаралық өзендер туралы келісім қажеттілігін айтқан. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресми нота тапсырды, бірақ ол да, өкінішке қарай, қозғалыссыз жатыр. Сол үйреншікті: “Біз сіздермен келісеміз, Сіздерді түсінеміз, қараймыз, жауап береміз” деген сөз.

(Оқушының назарына бұл жазбалардың тек 1997 жылға дейінгі жағдайды баяндайтынын көрсете отырып, өзендер мәселесі жайлы ақыры Қазақстан мен Қытай арасында 2001 жылы екі мемлекет үкімет басшылары қол қойған құжат келісім қабылданғанын еске саламын). Жазбаларда сол келісімге қол жеткізу жолындағы түсінбеушіліктер және оларды еңсеру әрекетіндегі келіссөздер жәйлі әңгіме қозғалады.

Әлбетте, әңгіме өзендерді бөліске салу туралы немесе суларды бөгейтін не бөгеуге жол бермейтін әлдебір құрылыстар салу туралы ғана болып отырған жоқ, мәселенің мәнісі — халықаралық немесе екіжақты, тіпті үш жақты, төрт жақты келісім әзірлеу үшін мамандардың, уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің, дипломаттардың арасында келіссөз бастау. Міне, бастапқы сөз сол жайында. Осылай етсек, өркениетті болар-ды. Және бұл өзара ынтымақтастықтың барлық халықаралық нормалары мен ережелеріне жауап бере алар еді.

Біздің міндетіміз — келіссөздің басталуына қол жеткізу. Бұл не үшін қажет және оны неге кейінге қалдыруға болмайды? Себебі, Елшілікке жеткілікті түрде мәлім болғанындай, қытай жағы екі арада нақ осы халықаралық келісімнің жоқ екендігін пайдаланып қалып, үлкен инженерлік құрылыстар салуды, бұған осы өзендердің суын көптеп тартуды ойластыруда. Бұл жұмыстар, күнделікті кәсіппен айналысып жатқан тәрізді, ешкімге байқатпай, айқай-шусыз, елді дүрліктірмей, жай ғана, салқынқанды түрде жүргізілуде. Алқаптарды суару үшін жасалған қандай да бір су ағатын сала-тармақтар бұрын да бар еді. Ал бұл жолғысы — маңызды жоба. Ол бойынша бірнеше жүздеген шақырымға созылатын ірі канал жасалмақшы. Біздің жобалауымыз бойынша, бұл канал ауыл шаруашылығы алқаптарын суландыруды ғана көздемейді, сонымен бірге ең бастысы Қарамайдың мұнай скважиналарын сумен қамтамасыз етуге тиіс. Бұл үшін жүздеген миллион текше метр су қажет болады. Ертіс өзені арнасынан айтарлықтай су көлемін тартып алу Шығыс Қазақстандағы электр стансаларының жұмыс істеуін елеулі түрде қиындатып, кеме қатынасына, өзен бойындағы мол аумақтың экологиясына әсер етеді, өзен қойнауы мен жағалаудағы әуе бассейні тепе-теңдігінің, бұзылуына соқтыруы мүмкін. Сол себепті Ертіс суының қанша мөлшері Қарамайдың мұнай кәсіпшіліктері үшін, қанша мөлшері ауыл шаруашылығының мұқтаждары мен басқа мақсаттар үшін бұрып алынатынын

нақты айқындау қажет еді. Қандай да бір кереғар алшақтыққа жол бермей, ұлы көршіміздің мұндай өзімшіл жоспарларына бейбіт келіссөздер жүргізу арқылы ғана қарсы тұру керек-ті. Ашығын айтсақ, осының бәрі бізді алаңдатпай қоймайтын.

Үкімет Төрағасы шамасы мұндай сауалға әзір болды, өйткені өткен жолғы кездесуімізде мен оған жергілікті газеттердің ақпаратына сүйеніп, Қазақстан жағының бұл мәселеге айрықша мүдделі екенін білдірген едім. Содан ба, бұл жолы әдепті түрде қысқа жауап беруге тырысты. Мәселеге тереңдегісі келмейтіндігі анық сезіліп тұрды. Қандай да бір үлкен канал туралы сөз болып отырған жоқ, өзен суын алқаптарды суару үшін ғана алу ниеті бар деп, мені тыныштандырғысы келді. “Ечқандак чоң емас, кичикана устаң” деп ойын аудармашысыз ұйғыр тілінде айтып, алаңдаушылық болмауға тиіс, бұдан Қазақстан ешқандай зардап шекпейді деп сендірді.

“Устаңың мынадай болса...” деп іштей ойладым да, ендігі пікірталастың пайдасыз екендігін ұғындым. Оның өзіне берілген нұсқауды бұлжытпай орындап отырғаны белгілі еді. Бұдан кейін екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтағы көлік тасымалы проблемаларын, азаматтардың өзара жүріп-тұруының жай-күйін кеңінен талқыладық.

Мен ШҰАА парткомы хатшысымен ертең келіссөз жүргізетінімді еске алып, Үкімет төрағасына әңгімесі үшін рахмет айттым. Келіссөзден кейінгі қонақасы үстінде екіжақты ынтымақтастықтың көптеген мәселелері бойынша барынша еркін әрі жылы шырайлы достық жағдайында ой бөлістік. Кешкі ас үстінде ол екеуміз аудармашысыз, тағы да өзендерді бөлу жайына ойыстық. Әңгіме барысында ол бұрынғы айтқандарына алып-қосары жоқ екендігін айтып, өзара достық қатынастарымыздың сақталуын қалайтындығын білдірді. Мен оған көңілімдегі сұрақтарымды қоя отырып, басқа да ресми адамдармен, атап айтқанда ШҰАА парткомы хатшысымен табанды түрде келіссөз жүргізуге тура келетінін айттым. Бұған қуанып сала берді. Ол ертеңіне делегацияны басқарып Канадаға ұшқалы отыр екен. Сәт сапар тіледім.

ШҰАА-да тұратын қазақ диаспорасының жәй-күйі де бізді толғандырып жүрген аса ірі мәселе болатын. Әлемдегі ең көп қазақ диаспорасы — 1,3 миллионға жуық адам Қытайда тұрады. Олардың құқықтары қандай, өздерін ҚХР-дың толыққанды азаматтары ретінде сезіне ме, ұлттық мүдделері

(Оқушының назарына бұл жазбалардың тек 1997 жылға дейінгі жағдайды баяндайтынын көрсете отырып, өзендер мәселесі жайлы ақыры Қазақстан мен Қытай арасында 2001 жылы екі мемлекет үкімет басшылары қол қойған құжат келісім қабылданғанын еске саламын). Жазбаларда сол келісімге қол жеткізу жолындағы түсінбеушіліктер және оларды еңсеру әрекетіндегі келіссөздер жәйлі әңгіме қозғалады.

Әлбетте, әңгіме өзендерді бөліске салу туралы немесе суларды бөгейтін не бөгеуге жол бермейтін әлдебір құрылыстар салу туралы ғана болып отырған жоқ, мәселенің мәнісі — халықаралық немесе екіжақты, тіпті үш жақты, төрт жақты келісім әзірлеу үшін мамандардың, уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің, дипломаттардың арасында келіссөз бастау. Міне, бастапқы сөз сол жайында. Осылай етсек, өркениетті болар-ды. Және бұл өзара ынтымақтастықтың барлық халықаралық нормалары мен ережелеріне жауап бере алар еді.

Біздің міндетіміз — келіссөздің басталуына қол жеткізу. Бұл не үшін қажет және оны неге кейінге қалдыруға болмайды? Себебі, Елшілікке жеткілікті түрде мәлім болғанындай, қытай жағы екі арада нақ осы халықаралық келісімнің жоқ екендігін пайдаланып қалып, үлкен инженерлік құрылыстар салуды, бұған осы өзендердің суын көптеп тартуды ойластыруда. Бұл жұмыстар, күнделікті кәсіппен айналысып жатқан тәрізді, ешкімге байқатпай, айқай-шусыз, елді дүрліктірмей, жай ғана, салқынқанды түрде жүргізілуде. Алқаптарды суару үшін жасалған қандай да бір су ағатын сала-тармақтар бұрын да бар еді. Ал бұл жолғысы — маңызды жоба. Ол бойынша бірнеше жүздеген шақырымға созылатын ірі канал жасалмақшы. Біздің жобалауымыз бойынша, бұл канал ауыл шаруашылығы алқаптарын суландыруды ғана көздемейді, сонымен бірге ең бастысы Қарамайдың мұнай скважиналарын сумен қамтамасыз етуге тиіс. Бұл үшін жүздеген миллион текше метр су қажет болады. Ертіс өзені арнасынан айтарлықтай су көлемін тартып алу Шығыс Қазақстандағы электр стансаларының жұмыс істеуін елеулі түрде қиындатып, кеме қатынасына, өзен бойындағы мол аумақтың экологиясына әсер етеді, өзен қойнауы мен жағалаудағы әуе бассейні тепе-теңдігінің, бұзылуына соқтыруы мүмкін. Сол себепті Ертіс суының қанша мөлшері Қарамайдың мұнай кәсіпшіліктері үшін, қанша мөлшері ауыл шаруашылығының мұқтаждары мен басқа мақсаттар үшін бұрып алынатынын

нақты айқындау қажет еді. Қандай да бір кереғар алшақтыққа жол бермей, ұлы көршіміздің мұндай өзімшіл жоспарларына бейбіт келіссөздер жүргізу арқылы ғана қарсы тұру керек-ті. Ашығын айтсақ, осының бәрі бізді аландатпай қоймайтын.

Үкімет Төрағасы шамасы мұндай сауалға әзір болды, өйткені өткен жолғы кездесуімізде мен оған жергілікті газеттердің ақпаратына сүйеніп, Қазақстан жағының бұл мәселеге айрықша мүдделі екенін білдірген едім. Содан ба, бұл жолы әдепті түрде қысқа жауап беруге тырысты. Мәселеге тереңдегісі келмейтіндігі анық сезіліп тұрды. Қандай да бір үлкен канал туралы сөз болып отырған жоқ, өзен суын алқаптарды суару үшін ғана алу ниеті бар деп, мені тыныштандырғысы келді. “Ечкандак чоң емас, кичикана устан” деп ойын аудармашысыз ұйғыр тілінде айтып, аландаушылық болмауға тиіс, бұдан Қазақстан ешқандай зардап шекпейді деп сендірді.

“Устаның мынадай болса...” деп іштей ойладым да, ендігі пікірталастың пайдасыз екендігін ұғындым. Оның өзіне берілген нұсқауды бұлжытпай орындап отырғаны белгілі еді. Бұдан кейін екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтағы көлік тасымалы проблемаларын, азаматтардың өзара жүріп-тұруының жай-күйін кеңінен талқыладық.

Мен ШҰАА парткомы хатшысымен ертең келіссөз жүргізетінімді еске алып, Үкімет төрағасына әңгімесі үшін рахмет айттым. Келіссөзден кейінгі қонақасы үстінде екіжақты ынтымақтастықтың көптеген мәселелері бойынша барынша еркін әрі жылы шырайлы достық жағдайында ой бөлістік. Кешкі ас үстінде ол екеуміз аудармашысыз, тағы да өзендерді бөлу жайына ойыстық. Әңгіме барысында ол бұрынғы айтқандарына алып-қосары жоқ екендігін айтып, өзара достық қатынастарымыздың сақталуын қалайтындығын білдірді. Мен оған көңілімдегі сұрақтарымды қоя отырып, басқа да ресми адамдармен, атап айтқанда ШҰАА парткомы хатшысымен табанды түрде келіссөз жүргізуге тура келетінін айттым. Бұған қуанып сала берді. Ол ертеңіне делегацияны басқарып Канадаға ұшқалы отыр екен. Сәт сапар тіледім.

ШҰАА-да тұратын қазақ диаспорасының жәй-күйі де бізді толғандырып жүрген аса ірі мәселе болатын. Әлемдегі ең көп қазақ диаспорасы — 1,3 миллионға жуық адам Қытайда тұрады. Олардың құқықтары қандай, өздерін ҚХР-дың толыққанды азаматтары ретінде сезіне ме, ұлттық мүдделері

кемсітіліп жүрген жоқ па, білім алуға, өзінің тілін, мәдениетін, дәстүрлерін дамытуға, ұлттық ерекшелігі мен бірегейлігін сақтауға мүмкіндіктері бар ма? Сырттай қарағанда, қандай да бір саяси қайшылықтар байқалмағанымен, бұл Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты қатынастардың неғұрлым күрделі мәселесі ретінде көзге түспей қалмайды.

Қазақтар негізінен ШҰАА-ның солтүстік-батыс бөлігінде тұрады, көпшілігі тауда, тау бөктерлерінде тұрып, мал шаруашылығымен айналысады. Соңғы жылдары әсіресе жастар қалаларға орнығуға ұмтылуда. Халықтың бір бөлігінің Қазақстанға көшкісі келетін ниеті бар. Қазақтардың тарихи отанына оралу мәселесі саяси деңгейде оң шешімін тапқанымен, қоныс аударуды ресімдеу процесі тым қиында-тылып жіберілген, жергілікті билік кеңселерінде толып жатқан төрешілдік бар. Біздің қытай басшыларымен келіссөздерімізде бұл дәстүрлі мәселеге айналды, осы жолы да Абулат мұндай “ұсақ кедергілерді” болдырмау үшін Үкімет барлық шараларды алады деп сендірді.

Алайда, қай жерде болсын, ұлттық мәселе – жанға бата-тын мәселе. Оның үстіне Абулаттың өзі – ұйғыр халқының өкілі. Ұлттық проблемалар туралы әңгімелерді ол аса әдепті түйсініп, ішкі толқуы сезіле отырып, айналып өтуге тырысып бақты. Жалпы бұл жерде, әсіресе, ресми Қытай тарапынан қатаң бағасы мен позициясын алған ұйғыр халқы арасындағы сепаратизм идеясының таралуынан сескенеді.

Қытай жағын әр кез біздің еліміздің осы мәселе жөніндегі позициясы қызықтырады. Сондықтан ертең жүздескелі отырған – ШҰАА-ның шын мәнінде саяси басшысы, ШҰАА парткомының хатшысы Ван Лэцюанмен қазақ диаспорасының мәселесін барынша еркін талқыламақ ойдамын. Ол – хансу, оны “ұлттық азшылықпен” ештеңе байланыстырып тұрған жоқ. Оған ешкім де сен ұйғыр сепаратизміне араластың, соларға іштей ықылас білдірдің деп кінәлай алмайды. Барлық халықаралық сипаттағы келіссөздер барысынан Қытайдың орталық билік орындарын ол бәрібір хабардар ететін болады.

Менің Шыңжаң өлкесіне арналған он күндік іс сапарым осылай басталды. Әрине, Халықтық Үкімет Төрағасымен тілдескен сәтте талқылайтын мәселелер аз емес еді. Бір/мәрте жүздескен кезде оның бәрін қамти қозғау қиын. Оның үстіне саяси санатқа жататын проблемалар бар, ал ол мұндай мәселеден анық қашқақтайды.

ВАН ЛЭЦЮАНЬ

Ван Лэцюань – ШҰАА парткомының хатшысы. Ол – автономиялық аудандағы бірінші тұлға. Іс жүзінде өлкедегі негізгі көптеген мәселе соған, соның позициясына байланысты. Қытайда Коммунистік партия – ҚКП– билеуші партия және бәрі партияның басшылығымен жүзеге асырылады. Барлық саясат партия мен партия басшылығының көзге көрінбейтін, бірақ іштей қатаң бақылауында.

Билік механизмін түсіну үшін басқару құрылымына назар аударсақ та жеткілікті. Мысалы, ШҰАА-да Үкімет Төрағасы партком хатшысының орынбасары болып табылады және Партком бюросының құрамына кіреді. Бюро экономиканы, мәдениетті, ұлтаралық қатынастарды қоса, қоғамдық өмірдің барлық бағыттары жөніндегі саясатты жасап, саяси басшылық пен әкімшілік бақылауды жүзеге асырады.

Ван Лэцюань ШҰАА парткомының хатшысы болып біржарым жылдан бері жұмыс істеп келеді, бұрын осында партком хатшысының орынбасары болған. Шандунь провинциясында туған. Экономикамен айналысқан. Бұрын Шандуньде комсомол жұмысында болған, жақсы шаруашылық мектебінен өткен, партиялық жұмыста жеткілікті тәжірибесі бар. ШҰАА-ға Орталықтан, Пекиндегі ҚКП ОК аппаратынан жіберілген. Бұрынғы Кеңес Одағындағы КОКП ОК-нің осындай тәжірибесі болатын. Халық Ван Лэцюаньды ақылды, білікті, істі білетін және жеткілікті дәрежеде қатал, Орталықтың қолдауына ие болған беделді басшы ретінде жақсы біледі. Біз онымен жыл сайын өткізілетін Үрімші жәрмеңкесі кезінде былтыр танысқан едік. Сол жолы мұнда ТМД-ның бірнеше елдерінің елшілері болды. Барлық елшілерді ШҰАА Үкіметі атынан үкімет төрағасының орынбасары – жәрмеңкенің ұйымдастыру комитетінің төрағасы Ли Дэн Хуэй қабылдағанды. Ван Лэцюань болса, Қазақстан Елшісін жеке қабылдаған болатын. Шамасы, ол Қазақстанның шекаралас жағдайын ескерсе керек. Сол жолы бірінші рет жүздесіп тұрсақ та, ба-